

## Тұрғын үй көмегін көрсету Ережелерін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының V шақырылған III сессиясының 2012 жылғы 6 сәуірдегі N 792/3 шешімі. Қарағанды облысы Шахтинск қаласының Әділет басқармасында 2012 жылғы 10 мамырда N 8-8-112 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 2024 жылғы 14 маусымдағы № 341/11 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 14.06.2024 № 341/11 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі "Байланыс туралы" Заңына сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Тұрғын үй көмегін көрсету Ережелері бекітілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

А. Степанович

Қалалық мәслихат

хатшысы

Ә. Сатова

Шахтинск қалалық мәслихатының  
2012 жылғы 6 сәуірдегі  
N 792/3 шешімімен  
бекітілген

## Тұрғын үй көмегін көрсету Ережелерін бекіту туралы

**Ескерту. Ережелерінің тақырыбы жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 2012.08.29 N 859/9 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Тұрғын үй көмегін көрсету Ережелері (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі "Байланыс туралы"

" Заңына, "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы N 2314 Қаулысына, " Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі N 512 Қаулысына сәйкес әзірленген.

**Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 2012.08.29 N 859/9 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Ережеде мынандай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) алушы - тұрғын үй көмегі тағайындалған және төленетін адам;

1-1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, орналасқан жері бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

1-2) аз қамтылған отбасылар (азаматтар) - Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес тұрғын үй көмегін алуға құқығы бар адамдар

2) кондоминиум объектісін басқару органы – кондоминиум объектісін басқару жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

3) көпбалалы отбасының (азаматтың) жиынтық табысы – тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш білдірілген тоқсанның алдындағы тоқсанда көпбалалы отбасы (азамат) кірістерінің жалпы сомасы;

4) өтініш беруші – тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау үшін өз атынан немесе отбасы атынан өтініш беруші тұлға;

5) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстар – кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін пайдалануға және жөндеуге, жер учаскесін күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтерді тұтынуды есептеудің үйге

ортақ құралдарын сатып алуға, орнатуға, пайдалануға және тексеруге жұмсалатын шығыстарға, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға тұтынылған коммуналдық қызметтерді төлеуге жұмсалатын шығыстарға жалпы жиналыстың шешімімен белгіленген ай сайынғы жарналар арқылы төленетін үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері шығыстарының міндетті сомасы, сондай-ақ болашақта кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін немесе оның жекелеген түрлерін күрделі жөндеуге ақша жинақтауға жұмсалатын жарналар;

6) алынып тасталды - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 03.04.2013 N 915/17 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен;

7) тұрғын үй инспекциясы – тұрғын үй қоры саласында мемлекеттік бақылауды іске асыратын жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесі ;

8) уәкілетті орган - жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын, тұрғын үй көмегін тағайындауды жүзеге асыратын республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы;

9) шекті жол берілетін шығыстар үлесі – көпбалалы отбасының (азаматтың) бір айда кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге, коммуналдық қызметтер мен телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуға, мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды пайдалануға жұмсаған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің отбасының (азаматтың) жиынтық кірісіне проценттік қатынасы;

10) шот – сатып алушының (тұтынушының) атына сатушымен ( жабдықтаушымен) жазылатын және тауардың жеткізілуін немесе қызметтердің көрсетілуін куәландыратын және олардың құнын көрсететін тауарлық құжат.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 03.04.2013 N 915/17 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.08.2018 № 1542/23 ( алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.02.2021 № 22/2 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

2. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасының аумағындағы жалғыз тұрғынжай ретінде меншік құқығында тұрған тұрғынжайда тұрақты тіркелген және тұратын аз қамтылған отбасыларға ( азаматтарға), сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды

және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды жалдаушыларға (қосымша жалдаушыларға):

1) кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жұмсалатын шығыстарға;

2) коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуға;

3) мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін шығыстарды төлеуге беріледі.

Аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

Тұрғын үй көмегі кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жұмсалатын шығыстарды, коммуналдық көрсетілетін қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде көрсетілетін байланыс қызметтерін тұтынуға, мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін шығыстарды төлеуге арналған шығыстарға ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсайтын шығыстарының жергілікті өкілді органдар белгілеген шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Шекті жол берілетін шығыстар үлесі – көпбалалы отбасының (азаматтың) бір айда кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге, коммуналдық қызметтер мен телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуға, мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды пайдалануға жұмсаған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің отбасының жиынтық кірісіне төрт мөлшердегі проценттік қатынасы.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 10.02.2021 № 22/2 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

3. Көпбалалы отбасы (азамат) (не нотариат куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) тұрғын үй көмегін тағайындау үшін Мемлекеттік корпорацияға немесе "электрондық үкімет" веб-порталына тоқсанына бір рет жүгінуге құқылы.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 10.02.2021 № 22/2 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

3-1. Құжаттарды қарау және тұрғын үй көмегін көрсету туралы шешім қабылдау немесе көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру мерзімі Мемлекеттік корпорациядан немесе "электрондық үкіметтің" веб-порталынан құжаттардың толық топтамасын алған күннен бастап сегіз жұмыс күнін құрайды.

**Ескерту. 3-1-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 10.02.2021 № 22/2 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

3-2. Алынып тасталды - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 10.02.2021 № 22/2 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

4. Алынып тасталды - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 10.02.2021 № 22/2 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

## **2. Өтемақылық шаралармен қамтамасыз етілетін нормативтерді айқындау**

5. Тұрғын үй жәрдемақысы өтініш берушінің тұрғылықты жері бойынша уәкілетті органдарымен келесі нормалар бойынша беріледі:

1) өтемақылық шаралармен қамтылған тұрғын үй алаңының нормалары тұрғын үй заңнамаларымен бекітілген (18 шаршы метр) отбасының әр мүшесіне ұсынылған тұрғын үй нормаларына балама, көп бөлмелі пәтерлерде тұратын жалғызілікті азаматтар үшін -30 шаршы метр (бұдан әрі ш.м.);

2) газды тұтыну нормасы:

орталықтандырылған ыстық сумен жабдықталған жағдайда – 1 адамға айына 8 килограмм;

орталықтандырылған ыстық су болмаған жағдайда – 1 адамға айына 10 килограмм;

3) электр қуатын тұтыну нормасы:

газ плитасымен жабдықталған үйлерде - тұрғын үйге айына 150 киловатт;

электр плитасымен жабдықталған үйлерде – тұрғын үйге айына 250 киловатт;

4) суық суды, канализацияны, ыстық суды, қоқыс шығаруды және эксплуатациялық шығындарды тұтыну нормалары (пәтер меншік иелерінің

кооперативі, өзін-өзі басқару комитеті, үй комитеттері) басқару нысанына қарамастан қызмет көрсетудің түріне сәйкес тарифті бекіткен кезде қызмет көрсетушімен қарастырылған норма бойынша есептеледі;

5) қатты отынды тұтыну нормасы:

1985 жылға дейін салынған тұрғын ғимараттар үшін 1 шаршы метр ауданды жылытуға 1-2 қабатты үйлер – 161 килограмм, 3-4 қабатты үйлер – 98 килограмм жылу беру мерзімі 7 айға есептегенде;

1985 жылдан кейін салынған тұрғын ғимараттар үшін 1 шаршы метр ауданды жылытуға 1-2 қабатты үйлер – 125 килограмм, 3-4 қабатты үйлер – 72 килограмм жылу беру мерзімі 7 айға есептегенде.

Тұрғын үй жәрдемақысын есептеу барысында статистика органдарының мәліметтері бойынша Шахтинск өңірінің аумағында өткен тоқсандағы қалыптасқан көмір бағасы пайдаланылады.

6. Тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтерді тұтынуға, жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысына ақы төлеуге белгіленген нормадан жоғары шығыстарды төлеу жалпы негізде жүргізіледі.

### **3. Тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу**

7. Тұрғын үй көмегі Шахтинск өңірінің аумағында тұрақты тұратын және үй иелері немесе пайдаланушысы болып табылатын (жалға алушы, жалдаушы) жеке тұлғаларға тағайындалады.

8. Алынып тасталды - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 2012.08.29 N 859/9 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

9. Алынып тасталды - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 2012.08.29 N 859/9 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

10. Дау, жанжал немесе қалыпты емес жағдай туындағанда тұрғын үй көмегін тағайындау мәселесі сот арқылы шешіледі.

11. Тұрғын үй көмегінің мөлшері тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтерді тұтынуға, жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысына ақы төлеуге нақты есептелінген артпауы тиіс.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 03.04.2013 N 915/17 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 25.12.2013 N 999/25 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.



12. Тұрғын үй жәрдемақысы қолма-қол, қолма-қолсыз ақы және аралас нысанда беріледі.

Қолма-қол ақы нысаны ақшалай төлем түрінде белгіленеді. Тұрғын үй көмегін төлеу екінші деңгейлі банктегі және банктік операциялардың бөлек түрлерін іске асыруға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар ұйымдардағы азаматтардың дербес шоттарына есепке алу арқылы тұрғын үй көмегін тағайындау жөнінде уәкілетті органмен қолма қол нысанында іске асырылады.

Қолма-қолсыз ақы төлемнің нысаны берілген қызмет түріне шақ келетін тұрғын үй көмегінің сомасына тең сомаға коммуналдық қызмет түрінің әрқайсысына төлемді азайту түрінде белгіленеді. Бұл жағдайда қызметтің әр түрі бойынша тұрғын үй көмегін сомасы тұрғын үй көмегін тағайындау бойынша уәкілетті орган жәрдемақы алушының жеке шотына есепке жатқызу үшін коммуналдық қызметті жеткізушілерге аударылады.

Аралас нысан берілген қызмет түріне шақ келетін тұрғын үй көмегінің сомасына тең сомаға коммуналдық қызмет түрінің жеке түріне (жәрдемақы алушының таңдауы бойынша бір немесе бірнеше) төлемді азайту түрінде белгіленеді. Тұрғын үй көмегін тағайындау бойынша уәкілетті орган таңдалған қызмет түрі бойынша тұрғын үй көмегінің сомасын тұрғын үй көмегін алушының жеке шотына есепке жатқызу үшін коммуналдық қызметті жеткізушілерге аударады. Тұрғын үй көмегінің қалған бөлігі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар ұйымдардағы азаматтардың дербес шоттарына есепке алу арқылы тұрғын үй көмегін тағайындау жөнінде уәкілетті органмен қолма қол нысанында төленеді.

Тұрғын үй көмегін төлеу нысанын таңдау құқығы (қолма-қол ақы, қолма-қолсыз ақ, аралас) көмек алушыға беріледі.

Кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге нысаналы салымына және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға тиесілі тұрғын үй көмегінің сомалары тұрғын үй көмегін тағайындау жөніндегі уәкілетті органмен кондоминиум объектінің арнаулы жинақтау шотына аударылады. Жинақтау шотындағы құралдардың мақсатты қолданылуына кондоминиум объектісін басқару органы жауапты болады.

13. Уәкілетті органның тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтерді тұтынуға, тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылары) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының ұлғаюы бөлігінде байланыс қызметтеріне, жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысына ақы төлеуге нақты шығындарды дәлелсіз себептермен

төлемеген (науқастануы, уақытша болмауы) азаматтарға тұрғын үй көмегін тағайындауды тоқтата тұруға және күшін жойдыруға құқығы бар.

14. Тұрғын үй көмегі төлемдерін қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

15. алынып тасталды - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 09.07.2014 N 1047/28 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

16. Көпбалалы отбасы (азамат) (не нотариат куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) тұрғын үй көмегін тағайындау үшін Мемлекеттік корпорацияға және/немесе "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы өтініш береді және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" қаулысымен бекітілген Тұрғын үй көмегін көрсету ережесінің 4-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып жүгінеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" № 2314 қаулысымен бекітілген Тұрғын үй көмегін көрсету ережесінің 4-тармағында көзделмеген құжаттарды талап етуге жол берілмейді. Меншік құқығында (Қазақстан Республикасы бойынша) тұрғын үйдің болуы немесе болмауы туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші ақпараттық жүйелер арқылы алады.

Отбасы (азамат) (не нотариат куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) қайта өтініш берген кезде осы Ереженің 4-5-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, отбасының табыстарын растайтын құжаттарды және коммуналдық шығыстардың шоттарын ғана ұсынады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 10.02.2021 № 22/2 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

17. Тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, сонымен қатар ортылық жылу жүйесіне қосылмаған, жылуды автономды жылу жүйесі қамтамасыз ететін үйлерде жылыту қызметтерін көрсетуге шығындарды өтеу кезінде кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін жөндеуге және қолдануға, жер учаскілерін ұстауға, коммуналдық қызметтерді тұтыну есебі жалпы үйдік аспаптарын сатып алуға, орнатуға, қолдануға және тексеруге, кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін ұстауға, тұрғын мекен жайды жылытуға қолданылған коммуналдық қызметтерді төлеуге шығындарды өтеу үшін кондоминиумның жалпы жиналысының шешімімен белгіленген ай сайынғы салымдары туралы шот ұсынылады.

18. Төлеуге берілетін шотты кондоминиум объектісін басқару органы ұсынады.



**Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 10.02.2021 № 22/2 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

19. Кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға шығыстарды өтеу кезінде кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға нысанлы салымның мөлшері туралы шот ұсынылады.

20. Төлеуге берілетін шотты жергілікті атқарушы органмен (тұрғын үй инспекциясымен) келісілген және пәтерлердің меншік иелері мен жалдаушыларының (қосымша жалдаушылардың) жалпы жиналысында бекітілген кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеудің жекелеген түрлерін жүргізуге арналған шығыстар сметасының негізінде кондоминиум объектісін басқару органы ұсынады.

**Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 10.02.2021 № 22/2 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

21. Уәкілетті органының маманы құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелерін салыстырады және құжаттардың түпнұсқаларын өтініш берушіге қайтарады, ал қажетті белгіленген үлгідегі мәліметтер және басқа да құжаттардың көшірмелері қоса берілген өтініш тұрғын үй көмегін тағайындау жөнінде өтініштер журналында тіркеледі. Тұрғын үй көмегін тағайындау кезінде отбасыда уақытша басқа қалада тұратын тұлғалар есепке алынбайды, бұл сәйкес құжаттармен расталады.

22. Тұрғын үй көмегі тоқсан сайын отбасы құрамы және табыстары туралы мәліметтерді бере отырып, өтініш берілген айдан бастап барлық қажетті құжаттармен алты айға тағайындалады. Ағымдағы тоқсан бойы отбасы құрамы және табыстары туралы мәліметтерді ұсынбаған отбасылар, себебіне қарамай, тұрғын үй көмегін есептеу тоқтатыла тұрып, құжаттар ұсынылған айдан бастап қайта жүргізіледі.

Уәкілетті органмен ай сайын қызмет көрсетушімен немесе өтінушінің өзімен ұсынылған нақты жүргізілген шығындар бойынша тұрғын үй көмегін тағайындау есебі жүргізіледі, оның түбіртегі өтініш берушінің өтінішіне қарай беріледі.

23. Тұрғын үй көмегін алушылар он бес күннің ішінде тұрғын үй көмегін алу құқығына және мөлшеріне әсер ететін жағдайлар жөнінде уәкілетті органдарға хабарлау қажет.

**24. Алынып тасталды - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 2012.08.29 N 859/9 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

25. Тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызмет ақысын төлеуге шекті жол берілетін шығындар үлесі, коммуналдық қызметтердің тарифтері және мөлшері өзгерген жағдайда бұрында тағайындалған көмек тиісті өзгерістер болған уақыттан бастап қайта тағайындалады.

26. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының жиынтық табысын есептеу тұрғын үй қатынастары саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын уәкілетті органмен белгілеген жиынтық табысты есептеу тәртібінде тұрғын үй көмегін тағайындау жөнінде уәкілетті органмен іске асырылады.